

# Елорда АЛТАЙҒА АТ байлады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биылғы жылы облыста 37 білім беру нысаны пайдалануға берілді. 27 апаттық жағдайдағы мектеп қайтадан салынды. Келер жылы өңірдегі апаттық жағдайдағы білім беру нысандары түгелдей жойылады. Бүкіп еліміздегідей республикалық «Еңбек өнімділігі», «Жұмыспен қамту – 2020», өзге де бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Барлық бағдарламаларды іске асыруға орай республикалық бюджеттен 20 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп отыр. Мемлекеттің қаражатынан бөлек, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде 17 миллиард теңгенің демеушілік шаралары жасалып, жаңа әлеуметтік нысандар бой көтерді. «20 жылдыққа – 20 жарқын іс» акциясы аясында 5 миллиард теңгенің іс-шарасы атқарылды, – деп өңірдің экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштеріне қысқаша тоқталып өткен облыс басшысы бүгінгі Елорда – Астананың облыстағы мәдени күндері ел Тәуелсіздігін баянды етер сол істердің көбейіп, екіжақты байланыстардың одан әрі нығайып, жаңа белестерге көтерілуіне игі ықпалын тигізетініне сенімін білдірді.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияда алдымен сөз алған Еуразия ұлттық университеті телерадиожурналистика кафедра-

сының меңгерушісі Ф.Шалахметов «Алтай – Еуразия дамуының бесігі», осы оқу орнының саясаттану кафедрасының профессоры Н.Қалиев «Астананың әлеуметтік-саяси миссиясы», Қ.Ақышев атындағы археология ҒЗИ директоры М.Хабдулина «Астана тарихындағы жаңа ашулар», Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің доценті М.Айдарханов «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығындағы әлеуметтік-экономикалық жетістіктер», Астана қаласының ғылыми-зерттеу, жобалау институты бастығының орынбасары А.Чиканаев «Астана сәулеті: жаңа құрылыстар, ойлар мен жаңа ашулар» тақырыптарында баяндамалар жасап, тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктетіп, егемен еліміздің айбынын асқақтатар жарқын істер мен келешектің еншісіндегі жоба-жоспарларды ортаға салды.

Астана бүгінде Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыратын әкімшілік орталықтан Елбасының өзі айтқандай: «...әлемді таңғалдырып жатқан және де әлі де жүздеген жылдар бойы таңғалдыратын, болашақтың мегаполисі» атанып, өркениеттің, ұлы бастамалардың, тың ұсыныстардың ордасы атанды. Сән-салтанатымен, өнерімен, тарихымен де таңғалдырар Елордадан келген қонақтар конференцияға қатысушылармен орталық



пен аймақтар арасындағы қарым-қатынастар жайында да әңгіме өрбітті.

Түстен кейін «Астана – Еуразия жүрегі»,

«Астана – Тәуелсіз Қазақстанның жетістігі» секциялары аясында ғалымдар мен екі жақ өкілдерінің дөңгелек үстел отырыстары өтті.